Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# QAZAQ ÝNIVERSITETI

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№24 (1733)
18 маусым
2019 жыл

www.kaznu.kz facebook.com/KazakhNationalUniversity vk.com/kazuniversity instagram.com/KAZNU_FARABI

# ӘЛ-ФАРАБИ – ӨРКЕНИЕТ ОЙШЫЛЫ

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы аясында «Medar» халықаралық мәдени зерттеулер орталығы (Түркия) әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлесе отырып «Әл-Фараби – өркениет ойшылы» атты деректі фильмін түсірді. ЮНЕСКО-ның қолдауымен 2020 жылы аталып өтетін әл-Фарабидің 1150 жыл толуына орай ҚазҰУ-да қазақ тіліндегі деректі фильмнің тұсаукесері өтті. Аталмыш шараға көрнекті фарабитанушы ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері, кинотанушылар, оқытушылар, студенттер, сондай-ақ ҚР-дағы Түркия Республикасы Бас елшілігінің және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.**




«Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап өткендей, Ұлы дала адамзат үшін аса көрнекті қайраткерлерді, оның ішінде әлемге әйгілі ойшыл әл-Фарабиді де берді. Аристотельден кейін екінші ұстаз аталған әл-Фараби туралы деректі фильм философтың шығармашылық мұрасын және оның адам өркениеті тарихындағы рөлін дәріптеуге бағытталған.

Фильм үш бөлімнен тұрады, онда алғаш рет құнды тарихи мәліметтер мен шығыстың ұлы ойшылы әл-Фарабидің өмірінен алынған деректер көрсетілген. Әбу Насыр Мұхаммад ибн Мұхаммад Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки – ұлы ғалым, энциклопедист. Ол 870 жылы Жібек жолындағы маңызды орталықтардың бірі болып табылатын Отырар қаласына жақын жерде туған. Әл-Фараби өмір бойы сол кездегі өркениеттер мен мәдениеттердің ірі орталықтарында білім алған. Әл-Фарабидің шығармашылық қызметі ортағасырлық араб-мұсылман мәдениетінің ренессансына келеді. Оның еңбектері батыс пен шығыс мәдениетінің жақындасуы мен өзара түсіністігін байланыстыратын көпір болды.

Деректі фильм ҚазҰУ қатысатын екінші ірі халықаралық жоба болып табылады. «Әл-Фараби – екінші ұстаз» атты алғашқы фильм голландиялық кинодокументалистермен бірге әзірленіп, Еуропада және Қазақстанның ұлттық теледидары эфирінде көрсетілді. Қазіргі уақытта ҚазҰУ жүзеге асырып жатқан әл-Фараби туралы үшінші киножобамен жұмыс барысында Қазақстан, Түркия және Египетте түсірілім жүргізілді, таяу уақытта олар Иорданияда, Сирияда және түркі әлемінің ұлы ойшылы өмір сүрген және басқа да елдерде өтеді.

ҚазҰУ жыл сайын әл-Фараби мұрасын кеңінен тарату және насихаттау мақсатында таяу және алыс шетелдердің белгілі сарапшылары мен ғалымдары арасында танымал әлемдік диалог алаңына айналған халықаралық Фараби форумын өткізіп келеді.

Әл-Фарабидің қайырымды қоғам идеясын негізге ала отырып ҚазҰУ жоғары технологиялық және рухани-адамгершілік платформаларының симбиозын құрайтын «Al-Farabi University Smart City» инновациялық жобасын жүзеге асыруда. Оның негізінде ҚазҰУ жаңа буын университетінің – «4.0 Университет» моделін жасады. Ол БҰҰ-ның Нью-Йорктегі штаб пәтерінде өткен Өркениеттер Альянсы форумында таныстырылып, нәтижесінде оны әлемдік деңгейде кеңінен тарату ұсынылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында БҰҰ Өркениеттер альянсымен бірлесіп ҚазҰУ «Қайырымды қоғам азаматтарын қалыптастыру. Қазіргі заманғы университеттердің миссиясы» атты халықаралық жобаны жүзеге асыруда. Голландия, Түркия, Италия, Иордания, Қытай, Египет жетекші университеттерінде және басқа да елдерде ашылған әл-Фараби ғылыми-білім беру орталықтарының саны осы уақытта 10-ға жетті. Бұл орталықтарда қазақ тілі мен қазақ халқының мәдениеті оқытылуда.

**Өз тілшімізден**

**Монография ректора КазНУ им. аль-Фараби, академика Галыма Мутанова «Mathematical Methods and Models in Economic planning, Management and Budgeting» включена в авторитетную международную базу данных ведущих научных публикаций Web of Science Core Collection.**

# МИРОВОЕ ПРИЗНАНИЕ



Clarivate Analytics

Certificate of Acknowledgement

This is to acknowledge that the following research monograph by
Dr. Galimkair Mutanovich Mutanov
has been accepted for indexation in the Book Citation Index of the
Web of Science Core Collection

Mathematical Methods and Models
in Economic Planning, Management and Budgeting

June 14, 2019

*Продолжение на 2 стр.*

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

**Кезекті ректорат мәжілісі 2018-2019 оқу жылының оқытушы-профессорлар құрамы, кафедралар мен факультеттердің соңғы рейтингісін талқылаудан басталды.**

Мінбеге шыққан стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшат Салауатқызы QS WUR-дегі көрсеткіштердің мониторингі, оның жыл сайынғы QS Emerging Europe және Central Asia рейтингі университеттердің онлайн қатысуын және PhD деңгейінде білікті қызметкерлердің үлесін қоса алғанда, сегіз түрлі көрсеткіш бойынша университеттерді бағалау арқылы жасалатынын айтты.

«Университетіміздің бәсекеге қабілеттілігін көтеруде, қоғамдағы имиджін қалыптастыруда және студенттер мен оқытушылардың ағылшын тілінде академиялық коммуникативтік икемділіктің дамуына жағдай жасауда шетел ғалымдарын шақыру білім алушылардың хабардарлығын дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан да біз шетелдік профессорлармен үнемі тығыз байланыс орнатуымыз қажет», – деді директор. Сонымен қатар ол университеттің білім сапасын қамтамасыздандыруда және жол картасындағы барлық бағыттардың көрсеткіштеріне және биылғы жылы жоспардағы оқу-әдістемелік жұмыс, академиялық ұтқырлық, халықаралық ғылыми білім беру қызметі, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет, әлеуметтік-тәрбие жұмысы бағыттарындағы 2018-2019 оқу жылында шыққан нәтижелерге баса назар аударды. Сондай-ақ жиын аясында ОПҚ-ны қаржылай ынталандыру туралы экономика және қаржы департаментінің директоры Нұржан Шинтаевтың баяндамасы тыңдалып, 2019 жылғы ҚР ЖОО-ның Х-жазғы Универсиада ойындарында 30 спорт түрі бойынша университет құрама командасының жоғары спорттық көрсеткіштері мен табысты өнер көрсеткені үшін СӨС орталығының бір топ жаттықтырушы-оқытушылары арнайы мерейтойлық медалмен марапатталады.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

МИРОВОЕ ПРИЗНАНИЕ
2-стр.



ЖАЗҒЫ МЕКТЕПТІҢ ЖАҢАЛЫҒЫ
3-бет



КҮЙ ӨНЕРІ– ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ
7-бет



# ЖАҢА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ҚР Ішкі Істер министрлігі құқық қорғау органдар үшін кадрлар даярлау саласына қатысты ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.**




Келісімге университет ректоры Ғалым Мұтанов пен ҚР ІІМ вице-министрі Алексей Калайчиди, Қ. Сәтбаев атындағы ҚҰТЗ университетінің ректоры Ескендір Бейсембетов, Нархоз университетінің проректоры Әділ Жүнісов қол қойды.

ІІМ жанындағы заманауи бес полицейлік академия магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлерін дайындауды жүзеге асырады. Ал бакалавр дайындаудың басым бөлігін ЖОО-лардың құзырында қалдырмақ.

ҚазҰУ ректоры Ғ.М. Мұтанов атап өткеніндей, меморандумға қол қою – ғылым және білім үдерісін дамытудың бастапқы бастамасы. «Келісімге қол қою бірлескен ынтымақтастық аясында туындайтын ғылыми, кәсіби сұрақтарды бірлесіп шешуге мүмкіндік береді. Ынтымақтастық арқылы ҚазҰУ заңгерлерінің кәсіби даярлығының сапалы деңгейін қамтамасыз етіп қана қоймай, кешенді ғылыми жұмыстарды жүргізетін боламыз»,– деп атап өтті ректор.

Бүгінде ҚР құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртуға бағытталған бірқатар мемлекеттік бағдарламалар қолға алынуда. Олардың бірінде адам құқықтарына айрықша мән берілген 2019-2021 жылдарға арналған ішкі істер органдарын жаңғыртудың жол картасы бекітілді.

Сондай-ақ кеңес барысында ҚР Бас прокуратурасының жанындағы құқық қорғау органдары академиясы кәсіби деңгейді арттыру институтының кәсіби деңгейді арттыруды ұйымдастыру жөніндегі басқармасының Алматы қ. Академия өкілі Талғат Сейдуалиев, ҚазҰУ-дың заң факультетінің заң ғылымдарының кандидатын, қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті Шолпан Мәліковыны «Қазақстан Республикасының Прокуратурасына 25 жыл» мерекелік медалімен марапаттады. Сондай-ақ ҚР Бас прокуратурасының грамоталарымен қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценттері Әсел Шәріпова және Ербол Әлімқұлов марапатталды.

**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

## QYSQA-NUSQA

**Qıyr Shyǵys kafedrasy Almaty qalasyndaǵy Koreıa Respýblıkasynyń Elshiligi janyndaǵy Bilim berý ortalyǵy, Koreıa Respýblıkasynyń Úkimeti janyndaǵy Ulttyq tarıh ınstıtýtymen birlese otyryp, Almatydaǵy Koreıa Respýblıkasynyń Bas konsýldyǵynyń qoldaýymen Koreıa tarıhyn bilý boıynsha saıys uıymdastyrdy.**

Saıysqa Qazaqstannyń JOO jáne mektepterden jalpy sany 399 bilim alýshy qatysty. Ótken jyly osyndaı saıys AQSh-tyń Los-Anjeles qalasynda ótkizilgen bolatyn. Bıyl Qazaqstannyń jetekshi joǵary oqý orny osyndaı mártebege ıe bolyp otyr. Koreıa tarıhy boıynsha ótkizilgen tes QazUÝ-daǵy koreıtaný bóliminde joǵary tanymaldylyqqa ıe ekendigin kórsetti. Sheteldegi koreıtanýmen aınalysatyn Koreıanyń jańa úkimettik mekemesimen ornatylǵan seriktestik Qazaqstandaǵy koreıtaný ǵylymy damýynyń jańa kezeńi bolyp tanylady. Al onyń kóshbasynda ál-Farabı atyndaǵy QazUÝ-dyń turǵandyǵy anyq. Almaty qalasyndaǵy Koreıa Respýblıkasynyń Elshiligi janyndaǵy Bilim berý ortalyǵynyń dırektory Nam Hón Ý Qıyr Shyǵys kafedrasyna is-sharany joǵary deńgeıde uıymdastyrǵandyǵy úshin alǵysyn bildirdi.

***

**Reseı ǵylymı qorynyń «XVIII – XIX ǵǵ. Halyqaralyq qatynastar júıesindegi Ortalyq Azıa» jobasy aıasynda aǵymdaǵy jyldyń 20-22 tamyzy aralyǵynda arheologıa jáne etnologıa fakúltetinde «Eýropa jáne Azıa saıası múddeleri toǵysyndaǵy Ortalyq Azıanyń orny XVIII – XIX ǵǵ.» atty halyqaralyq ǵylymı semınar ótedi.**

Negizgi maqsat – Ortalyq Azıanyń belgili tarıhı kezeńderde oryn alǵan tektonıkalyq geosaıası jaǵdaıdaǵy halyqaralyq qatynastar júıesindegi ornyn keshendi túrde zertteý múmkindikterin talqylaýǵa baǵyttalǵan. Semınar jumysyna Reseı, Qazaqstan, Qyrǵyzstan, Ózbekstan, Túrkmenstan, Tájikstan, Ázirbaijan, Pólsha, AQSh ǵalymdary qatysyp, óz oılaryn ortaǵa salady.

***

**Medısına jáne densaýlyq saqtaý fakúlteti jýyrda búkil Eýropa aımaǵynda ótetin qoǵamdyq densaýlyqtyń Eýropalyq aptasyn ótkizýge qatysty.**

Apta boıy búkil Eýropa men Ortalyq Azıada fızıkalyq belsendilik, densaýlyq jáne qorshaǵan orta, sozylmaly aýrýlardyń aldyn alý jáne densaýlyq saqtaý júıesin zertteý, paıdaly taǵam jáne jastardyń mentaldy densaýlyǵy sıaqty bes negizgi suraqtary boıynsha master-klass, flesh-mobtar, dóńgelek ústelder, semınarlar jáne pikirsaıystar júrgizildi. Dene shynyqtyrý jáne sport kafedrasy epıdemıologıa, bıomedstatıstıka jáne dáleldik medısına kafedrasymen, DShSK Salaýatty ómir salty ortalyǵymen birge qoǵamdyq densaýlyqtyń mamandarynyń Ortalyq-Azıa qaýymdastyǵy men qoǵamdyq densaýlyqtyń Eýropalyq qoǵamdastyǵynyń kómegimen qoǵamdyq densaýlyq saqtaý aptasy sheńberinde sporttyq is-shara boldy. Is-shara «Aktıvti, deni saý jáne baqytty bol!» uranymen ótti .

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

**ҚазҰУ-да «Қазақстандағы Исламдық қаржы: АХҚО және серіктестер келешегі» атты семинар өтті.**

Семинарға АХКО бизнесті халықаралық ілгерілету департаментінің исламдық қаржыландыру бағыты бойынша басшысы Шейх Билал Хан, Таяу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия бизнесін дамыту жөніндегі қызметкер Ахмед Нагиб, «Аль Сакр Финанс» АҚ-ның шариғатты бақылау департаментінің директоры Әділбек Рысқұлов және басқа да ұйымдардың өкілдері мен ҚазҰУ оқытушылары қатысты.

Естерінізге салсақ, өткен айда XII Астана экономикалық форумы аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хамад бин Халифа университеті (Катар) «Астана» халықаралық қаржы орталығымен бірлесе (АХҚО) исламдық қаржы саласындағы әріптестікке бағытталған өзара түсіністік туралы үш жақты меморандумға қол қойған болатын. Бүгінгі семинар осы үшжақты меморандум аясында ұйымдастырылып отырған алғашқы шаралардың бірі деген экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Римма Сагиева ел экономикасын қарыштату жолында қаржы секторы саласында жоғары білікті кадрларды даярлау экономика өсуінің негізгі факторлардың бірі болып табылатынын атап өтті.

АХҚО бизнесті халықаралық ілгерілету департаментінің исламдық қаржыландыру бағыты бойынша басшысы Шейх Билал Хан Қазақстандағы ислам қаржысының даму перспективаларын, оның қаржы секторын тұрақтандырудағы рөлін және басқа да елдердің тәжірибесі негізінде одан әрі жұмыс істеудегі бірнеше бағыттарға тоқталды. Сонымен қатар семинар барысында тараптар қаржы нарығы, оның ішінде Қазақстандағы исламдық қаржыландыру нарығының ағымдағы жай-күйін қарастырып, елімізде Ислам қаржы индустриясын дамыту жөнінде ұсыныстар айтты.

**Өз тілшімізден**

# МИРОВОЕ ПРИЗНАНИЕ

*Продолжение. Начало на 1 стр.*




Включение монографии известного казахстанского ученого в авторитетную международную базу данных, индексирующую лучшие мировые научные издания, является очередным достижением казахстанского высшего образования и науки, свидетельством актуальности и высокой значимости исследования в глобальном научном пространстве.

Следует подчеркнуть, что ранее научный труд Галыма Мутанова вошел в топ наиболее востребованных книг, выпущенных издательством «Springer Nature», а в электронном виде ее скачали более 13 тысяч пользователей, что является одним из лучших показателей.

Данная монография в свое время получила высокую оценку лауреата Нобелевской премии в области экономики Джона Нэша. Известный ученый Мануель Альберто М. Феррейра отметил, что книга является выдающейся научной работой, незаменимой для экономистов, математиков, практиков и руководителей.

Web of Science Core Collection является ведущей базой данных научных изданий мира агентства Clarivate Analytics (бывший Thomson Reuters, США). В ней индексируются более 18 000 журналов, из которых более 12 000 имеют импакт-фактор.

**Соб. корр.**

***Состоялся премьерный показ документальной картины «Аль-Фараби - мыслитель цивилизации», снятый КазНУ совместно с международным культурно-исследовательским центром "Medar" (Турция)***

# ХИМИЯ САЛАСЫНДАҒЫ СЕРІКТЕСТІК

**ҚазҰУ басшылығы Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының өсімдік заттар химиясы институтының директоры Сагдуллаев Шамансурмен жүздесіп, тараптар химия саласында екіжақты ынтымақтастық орнату жайын талқыға салды.**

ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректоры Тілекқабыл Рамазанов делегация құрамын университет қызметімен толықтай таныстырып, білім ордасының көптеген ЖОО-лармен ынтымақтастық аясындағы біріккен ғылыми зерттеулері мен тәжірибелерінің орындалу жолдарына тоқталып өтті.

Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының өсімдік заттар химиясы институтының директоры Сагдуллаев Шамансур институттың басты бағыттарын атап, болашақта Орталық Азиядағы жетекші жоғары оқу орны саналатын ҚазҰУ-мен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатуға үлкен қызығушылық танытты. Тараптар алдағы уақытта көптеген бағыттар бойынша ынтымақтастық қарым-қатынас орнату, атап айтсақ химия, химия өндірісі, химиялық технология, өсімдік заттар химиясы, химиялық инженерия бағыттары бойынша бірігіп жұмыс атқару жолдарын қарастырды. Кездесу соңында делегация өкілдері ҚазҰУ басшылығына алғысын білдіре отырып, жоғарыда аталған бағыттар бойынша алдағы уақытта нақты бір шешім қабылданып, екі жақты келісімге келетініне үмітті екенін айтты.

**Баспасөз қызметі**

# ЖАЗҒЫ МЕКТЕПТІҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

**15-29 маусым аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да шетелдік студенттерге арналған жазғы мектеп өтеді.**



Бұл мектептің алғашқы кезеңі Гонконг қаласында 1-14 маусым аралығында өткен. Енді екінші кезеңі 15-29 маусым аралығында ҚазҰУ-да өткізу жоспарланған. Жазғы мектептің негізгі мақсаты кәсіпкерлікті меңгеруге бағыттау болып табылады. Жалпы жазғы мектепке Америка, Франция, Филиппин, Малайзия, Канада, Гонконг, Қытай және Қазақстаннан жиналған 30 студент қатысып отыр.

Алғашқы сөзді ҚазҰУ-дың бірінші проректоры М. Бүркітбаев құттықтау сөзімен бастап, барша жазғы мектеп қатысушыларына сәттілік тілеп, алдағы екі апталық жұмыс барысы қызықты да өте мазмұнды болып өтуіне тілектес екенін білдірді. Жиынды арнайы шетелдік студенттерге ҚазҰУ қалашығын толық әрі ауқымды ақпаратпен таныстыру мақсатында жасалған бейнеслайдпен Жания Әбдиман таныстырды.

Қатысушыларды қызықтыратын ортақ тақырып ол – кәсіпкерлікті меңгеру. Қазір кәсіпкерлікке байланысты көптеген старт-ап жобалар бар. Бұл студенттерден құралған топ Гонконгте кәсіпкерлікке қатысты теориялық білім алып келгендіктен, ҚазҰУ-да тәжірибелік тұрғысына көп мән беріледі. Мысалы, экология, қоқысты өңдеу, суды тазарту, биогазды қолдану сияқты тақырыптар бойынша жұмыс жасайтын болады.



«Келген студенттерді бес топқа бөлдік. Арнайы тақырыптар бойынша олар топтасып жұмыс істейді. Студенттер тек ҚазҰУ қалашығына емес, Қазақстанға алғаш келушілер болғандықтан, Алматы қаласымен танысып жатыр. Олар жұмыс барысында бейүкіметтік ұйымдардың жұмыстарымен танысып, қоқыс өңдеу зауытына арнайы барып іс жүзінде барлық іс-шараларды өздері көріп, жұмыс жасайтын болады», - деді халықаралық ынтымақтастық департаментінің маманы Әсел Жандосова.

Кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бұл жазғы мектеп былтыр Гонконг қаласында басталған. ҚазҰУ делегациясы «Жақыныңа көмектес» деген бағыт бойынша арнайы конференцияға барып, қатысып келген. Шетелде мұндай бағыт жақсы дамып, арнайы пән ретінде де оқытылады. Сол кезде жаз мезгілінде осындай жазғы мектепті қолға алып, осындай іс-шаралар жасау мақсаты көзделіп, бүгінде нәтижелі жұмыс атқарылып отыр.

**Еңлік АҚЖІГІТ**

# ТРИУМФ КАЗНУ



**КазНУ им. аль-Фараби стал Чемпионом X Летней юбилейной Универсиады – 2019.**

Титул победителей традиционных соревнований спортсмены завоевывают вот уже на протяжении последних пяти сезонов. Тем самым, университет в полной мере оправдывает звание бессменного лидера студенческого спорта страны.

Великолепные результаты продемонстрировали участники казахстанской Универсиады, которая стартовала 3 апреля в Алматы и завершилась 10 июня в Актобе. В общем командном зачете они с большим отрывом вырвались вперед, опередив соперников, представлявших 60 высших учебных заведений Казахстана.

Студенты КазНУ приняли участие в 30 видах спорта из общих 37. В копилке вуза– 14 золотых, 9 серебряных и 5 бронзовых общекомандных медалей.

С 3 по 14 июля наши спортсмены станут участниками Всемирной XXX Летней Универсиады в Неаполе, которая соберет спортсменов из 170 стран мира. В программу включены соревнования по восемнадцати летним видам спорта.

Стоит отметить, что на Всемирной Летней Универсиаде 2015 года в Южной Корее наши спортсмены завоевали 5 из 6 золотых медалей. Олимпийские игры 2016 года в Рио-де-Жанейро принесли в копилку Казахстана золотую, серебряную и бронзовую медали. В 2017 году в Тайбэе спортсмены завоевали золотую, 2 серебряные и бронзовую, и в 2018 году в Джакарте (Индонезия) - 2 серебряные и 3 бронзовые медали.

Желаем отличных выступлений и ярких побед!

**Соб. корр.**

*ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановтың монографиясы Web of Science Core Collection халықаралық деректер базасына енді*

# Тарихпен сабақтас

**Сүйікті университетіміз өзінің тағы бір мерейтойын тойлады. Уақыт деген көзді ашып жұмғанша өтеді де кетеді екен. 1933 жылы қазан айында Алматы қаласында Қазақ ұлттық университетін құру жөніндегі қаулыға қол қойылып, ҚазҰУ-дың құрылуына себеп болған еді. Ал, ресми түрде 1934 жылдың 15 қаңтарында ҚазҰУ-ымның салтанатты түрде ашылуы болып өткен.**




ҚазҰУ—еліміздегі алғашқы ашылған университеттердің бірі екені барлығымызға белгілі. Негізі қаланған күннен бастап Қазақстанның әлеуметтік-саяси өміріне өз үлесін қосып келуде. ҚазҰУ-дың ресми сайтында жазылған деректер бойынша қазіргі таңда университетте 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институттары жұмыс жасайды. Студенттер, магистранттар мен докторанттарға 2000-нан астам профессор, докторлар, ғылым кандидаттары мен философия докторлары, 100-ден астам академиялардың академиктері, 30-ға жақын Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткерлері, 30-дан астам Қазақстан Республикасының мемлекеттік және атаулы сыйлығының лауреаттары, сондай-ақ 40 жас ғалымдар сыйлығының лауреаттары мен 45 мемлекеттік ғылыми стипендиялардың стипендианттары өздерінің теориялық және де практикалық білімдерін беріп еңбек етуде. Жылда өзінен жас түлек, болашақ білікті де білімді мамандарды қара шаңырағынан шығарып жатыр.

ҚазҰУ-ымның білім беру құрылымына бір көз жүгіртіп өтейік. Білім беру құрылымы басқа ЖОО-а қарағанда өзіндік ерекшелігі бар университеттердің бірі деп ойлаймын. Себебі, Университетте жоғары оқу орнына дейінгі білім беруде бейіндік мектеп пен колледж жұмыс жасайды. Бейіндік мектеп оқушыларды болашақтағы ЖОО-да оқитын мамандықтарына алдын ала дайындап, бейімдейді. Тағы да ресми деректерге жүгінетін болсақ, ҚазҰУ-ымда қазіргі күнде 25 мыңнан астам студент пен көпсалалы жоғары кәсіби білім жүйесі бойынша магистранттар білім алуда. Сонымен қатар, университет дипломатиялық қарым-қатынаста әлемнің ең ірі 400-ден аса ЖОО мен ынтымақтастық орнатып жұмыс жасап келеді.

ҚазҰУ-ым 85 жыл ішінде еңбек етіп талмай, көптеген жетістіктерге жетті. Жетістіктер ішінде бірнешеуіне тоқталып өтсем. Дүниежүзілік ЖОО арасында жылда жүргізіліп отыратын рейтингте өзінің үздік орнын алып отырады. Яғни, халықаралық QS рейтингісі бойынша әлемдегі үздік 230-топ университет қатарына еніп 220 орынды иемденді. ТМД елдері арасында екінші орындамыз. Ал, Қазақстан ЖОО арасындағы ең үздік университет болып саналады. Жалпы айтқанда, әрқашан биік белестерден көрініп, еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып келе жатыр.

Қорыта келе, ҚазҰУ-ымның қазіргі күндегі мақсатын айта кететін болсақ, ол әлемнің ТОП-200 жетекші ғылыми-зерттеу университеттер қатарына еніп, қоғамдағы прогрессивті экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістердің локомотиві болу. ҚазҰУ бұған дейін көптеген жетістіктерге жетіп, өзін елімізде жан-жақты, үздік екенін мойындатқан кезде, бұл алда қойып жатқан мақсатына да жетпей қоймайтынына сенімдімін. Ал, бұл мақсатты жүзеге асыруда біз ЖАСТАР-дың қосар үлесіміз мол болмақ.

**К. АШЕКЕЕВА,**
*ф.ғ.д., аға оқытушы;*
**П. СҰЛТАНОВА,**
*педагогика және психология мамандығының 4-курс студенті*

# БІЛІМНІҢ РУХАНИ ҚАЛАШЫҒЫ

**ҚазҰУ қалашығы. Бұл білімнің рухани қарашығы. Кенен ойдың көзілдірігі секілді бұлдыраған дүниенің бет-бейнесін ашып көрсетеді. Әуелден-ақ мәуелі білім ордасы парасат айдынында еркін жүзуге мүмкіндік сыйлайтын құтты шаңырақ. Одан ақыл нәрімен сусындаған адамзат арманының ақиқатпен әрлене түсетініне көз жеткізеді. Біз пір тұтқан алыптардың отты ошағына айналған жәдігердің биыл 85 жылдығы. Іргетасының қаланғанына ғасырға жуықтаған қайнар қалашықтың қойнауы ырысқа толы. Тәлімді де, білімді, әрі білікті шәкірттері ұлттың ұстынына айналып келеді.**




Біз бүгін сол киелі шаңырақтың астында жүріп қанаттанған, қазіргі таңда мұғалім мәртебесін иеленіп өзі де шәкірт тәрбиелеп отырған төл түлегіміз Мөлдір Жүнісова жайында сөз өрбітпекпіз. 2011 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың химия және химиялық факультетін үздік тамамдаған ол қолына дипломын алған соң, сол білім ордасына магистратураға тапсырады. Көздеген мақсаты іске асып, арада екі жыл өткен соң жаратылыстану ғылымдарының магистрі атанады.

Бір айта кетерлігі сол уақыттарда еліміз ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуімен ерекшеленген еді. Қазақстан – бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдер арасынан бұл ұйымға ең алғаш төрағалық еткен мемлекет есебінде есте қалды. Онда ЕҚЫҰ-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламаларын жүзеге асыруды жалғастыру да Қазақстан міндеттерінің бірі-тұғын. ЕҚЫҰ жаһандық экологиялық мәселелерді, соның ішінде бұрынғы Семей ядролық полигоны мен Арал теңізіне қатысты мәселелерді шешуде жағымды рөл атқара алды. Осы мәселелердің мұрындық болуымен және Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізген саясаты негізінде география және табиғатты пайдалану факультеті жүйелі жұмыс жасады. Сол салада білім алған Мөлдір Алмабекқызы озық іс-тәжірибесін тарату және насихаттау мақсатында мерзімді басылымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарында маңызды материалдар жариялап тұрды. Атап айтсақ, «Газдалған сусындардың адам ағзасына әсері», «Күріш топырағы құрамындағы ауыр металдардың концентрациясы», «Күрішті тамшылатып суару әдісінің тиімділігі» тағы сол сияқты түрлі мақалалар ел игілігіне жарады. Сондай-ақ «Химия және экология», «Экологическое образование в Казахстане» ғылыми-әдістемелік журналына химиядан зерттеу материалдар жазса, «Ақдала егістік алқабы топырағының ауыр металдармен ластану мониторингі» тақырыптары бойынша іс-тәжірибесін таратты.

Ұлттық университетіміздің өнегелі өренінің ауыз толтырып айтарлықтай еңбегі бар. Мектеп қабырғасында сабақ бере жүріп, шәкірттерін түрлі халықаралық және республикалық байқауларға шығарды. Оқушылары жүлделі орындардан көрініп, үмітін ақтап келеді. Шыны керек, білім бәйгесінен олжасыз қайтқан емес. Нақтыласақ, өткен жылы өткен халықаралық «Фараби әлемі» атты ғылыми конференциясында Самал Мұхамеднұр, Гүлвира Абдрахман ІІІ орынды иеленді. Кіші ғылыми академиясының ұйымдастыруымен өткізілген конференцияға екі жыл қатарынан Інкәр Балтағұл мен Ақбота Райбай қатысып, І дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Мөлдір Жүнісованың 2018 жылы «Экология. Энергетика. Экономика» тақырыбында авторлық бағдарламасы бекітілді. Бұл – оның ізденісінің бір парасы ғана. ҚазҰУ түлегінің алар асуы мұнымен шектелмек емес. Алда әлі де талай биіктерді бағындырмақ жоспары бар.

**Ж. ТӨРЕҒОЖИНА,**
*ЮНЕСКО және тұрақты даму кафедрасының профессор м.а*



## Академическая мобильность в рамках Эразмус+

**Академическая мобильность преподавателей является важной составляющей системы высшего образования.**

Участие в программах, помогающих реализовать мобильность преподавателей КазНУ им. аль-Фараби, способствует улучшению качества преподавания и конкурентоспособности педагогов.

В прошлом учебном году преподаватели химического факультета в рамках программы Эразмус+ прошли стажировку в университете имени Николая Коперника (NCU) в польском городе Торун. Там же в 2018-2019 учебных годах успешно стажировались преподаватели Д.Н. Акбаева и А.О.Адильбекова. Ассоциированный профессор кафедры физической химии, катализа и нефтехимии Д.Н. Акбаева во время своего пребывания в NCU читала лекции на английском языке для студентов спецотделения по общей химической технологии, процессам нефтехимии. Доцент кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов А.О. Адильбекова прошла курсы по training mobility в весеннем семестре, она провела научный семинар для сотрудников и преподавателей кафедры физической химии и физической химии полимеров на тему «Нефтяные эмульсии. Методы обезвоживания», ознакомилась с методами мембранных технологий для применения в различных областях промышленности и в лабораториях этой кафедры.

Кроме того, в рамках этой же программы факультет химии и химической технологии посетил профессор кафедры физической химии и физической химии полимеров, факультета химии NCU Войцех Куявский. Им были прочитаны лекции и проведены семинары по актуальным темам, посвященным финансированию научных исследований в Польше и ЕС, мембранной химии.

Сотрудничество в рамках Эразмус+ дает плодотворные результаты. Так, реализуются совместные научные исследования в области адсорбционного модифицирования твердых поверхностей, так как профессор Куявский стал зарубежным соруководителем докторанта кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов Ж. Таттибаевой. Также были обсуждены возможности реализации двухдипломной программы по химическим специальностям, что возможно даст свои реальные результаты в будущем.

Программы академической мобильности позволяют преподавателям факультета укрепить сотрудничество между университетами, наладить обмен опытом и научные связи.

**А. АДИЛЬБЕКОВА,**
*доцент кафедры аналитической, коллоидной химии и технологии редких элементов*

**КазНУ и МВД РК подписали меморандум о сотрудничестве в области подготовки кадров для органов внутренних дел**

# День медицинского работника



**Врач - это человек, который на протяжении всей жизни учится, неустанно приобретает новые знания и умножает свой опыт. Профессия врача - одна из самых благородных, гуманных и необходимых на земле.**

В День медицинского работника, когда врачи, медсестры, и все специалисты, относящиеся к медицине, отмечают свой профессиональный праздник, а будущие студенты медицинских факультетов готовятся к поступлению, мы решили рассказать об уникальной кузнице медицинских кадров в стране. В этом нам помогла доктор медицинских наук, ассоциированный профессор и декан факультета «Медицины и здравоохранения» КазНУ им. аль-Фараби Жанна Калматаева.

филактике заболеваний. Проще говоря, персонал, работающий с организацией. Если раньше пациенты лечились в стационарах, а это очень дорого, то сейчас идет снижение этой тенденции. Специалист общественного здравоохранения, рассчитывает, как поправить здоровье человека на этапе сопровождения пациента в поликлинике. Своевременно проводит обследование и наблюдение. Рассчитывает тот период, когда человек не сильно затрачивается на свое здоровье. Главной обязанностью этого специалиста, является не доведение пациента до больницы, а организация эффективного лечения на этапе поликлиники. Еще одно направление для его работы - это менеджмент. Специалисты общественного здравоохранения могут работать в отделах системы менеджмента качества, методического обеспечения,

приезжают профессоры из Канады, Японии, России, выпускники разных зарубежных школ. Также лекции читают выпускники Nazarbayev University. Но в основном они занимаются с иностранными студентами.

**- Скажите, пожалуйста, после окончания вуза куда трудоустраиваются выпускники?**

- Наши студенты становятся востребованными специалистами для медицинских учреждений, больниц, поликлиник, научно-исследовательских институтов, частных медицинских организаций.

В прошлом году было трудоустроено 98 % выпускников. В основном трудоустройство наших выпускников происходит через портал enbek.kz. Магистранты трудоустроены все. А иностранные студенты, окончившие полное 5-7 летнее обучение, уезжают к себе на родину и работают там.




**-Жанна Амантаевна, расскажите, пожалуйста, о вашем факультете?**

- Факультет Медицины и здравоохранения впервые открыл свои двери в декабре 2015 года. Это первый факультет, открытый на базе многопрофильного университета. Прежде, в Казахстане и на постсоветском пространстве врачей готовили только в специализированных медицинских университетах. Но, факультет на базе многопрофильного университета открывает большие перспективы междисциплинарной подготовки врачей. Сейчас будущие медработники ориентированы на получение глубоких знаний с разных наук: химия, физика, IT.

КазНУ дает такие возможности. Преимущество в том, что все базовые специальности уже есть в университете и совершенно нет необходимости открывать кафедры, как это делают в специализированных университетах. В то время, когда специализированные медицинские университеты привлекают преподавателей извне, мы приглашаем с других факультетов. А это экономит ресурсы».

**- Какие медицинские школы существуют на вашем факультете?**

-На медицинском факультете функционируют две школы: «Высшая школа общественного здравоохранения» и «Высшая школа медицины». Школа общественного здравоохранения ведёт подготовку специалистов, которые заботятся о про-

заниматься анализом данных. Делать анализ, на основании которых руководитель принимает решение. Они могут заниматься экономикой здравоохранения. Экономическая эффективность. Эпидемиологические исследования - это анализ.

Высшая школа медицины готовит непосредственно лечащих врачей.

**- Сколько студентов обучается на факультете?**

- На сегодняшний день на факультете с учетом специалистов физкультуры и спорта обучаются 500 студентов. Они проходят обучение по трем уровням: бакалавр, магистратура и докторантура. Вместе с тем, в этом году планируется открытие интернатуры и резидентуры по специальностям «Общая медицина» и «Стоматология».

**- А где студенты могут проходить практику?**

- В нашем доверительном управлении находится городская поликлиника №1. Она была открыта в 1964 году. ГК ориентирована на взрослое население. Наши студенты проходят практику там. Так как клиника многопрофильная, прием ведут специалисты по 20 профилям: терапевт, педиатр, кардиолог, хирург, невропатолог, эндокринолог и другие. Поэтому у студентов есть возможность выбора прохождения практики. А лабораторные занятия проводятся на базе КазНУ.

**- Расскажите, пожалуйста, о преподавателях?**

- На факультете есть преподаватели, которые работает по программе Visiting. К нам

**- Чем привлекает студентов факультет?**

- Привлекает рейтинг университета. КазНУ им. аль-Фараби – единственный университет в Средней Азии, который имеет мировой рейтинг. Ведь студенты очень заинтересованы в этом. Это значительно влияет на их будущее трудоустройство. Также междисциплинарность. Студенты могут получить более обширные и глубокие знания. Ресурсы КазНУ позволяют комфортно себя чувствовать. Огромная, комфортабельная библиотека, плюс очень много международных

связей. Наши магистранты спокойно могут выбрать вуз для стажировки. Мы со своей стороны всячески содействуем этому. Статус университета позволяет выходить на мировой уровень. Вот такие преимущества, однозначно, есть на нашем факультете и в университете в целом.

**- Так как сейчас время приемных комиссий, не могли бы вы дать несколько напутственных слов абитуриентам?**

- При поступлении акцент делается на знание биологии, физики, химии, критического мышления, логики. В медицине логика должна работать очень хорошо. Математическое направление тоже. Кроме того, есть такая деятельность, как профориентационная работа. Она всегда была в медицине. Прежде чем молодой специалист понимает, что он хочет выбрать медицинское направление, желательно прийти в больницу как волонтер и посмотреть, как работают врачи. Есть различные тренинги по оказанию медицинской помощи. Чтобы проникнуться и посмотреть, чем живут врачи. Основной показатель приверженности к профессии это уровень эмпатии. Насколько человек может сопереживать и принимать ту боль, которую ежедневно будет видеть.

**- Благодарим за интервью! И поздравляем с профессиональным праздником! Успехов и процветания в Вашем непростом, но благородном труде!**

**Кумис ТУЛЕЕВА**



Тарих, археология және этнология факультетінің студенттері Қазақстанның ежелгі ескерткіштері бойынша экспедицияда болып қайтты

ЮБИЛЕЙ

# БЛАГОРОДНАЯ МИССИЯ

**Преподаватель прикасается к вечности, никто не может с точностью сказать, на каком этапе жизни заканчивается его влияние. Его благородная миссия сравнима с искусством, которое дарит настоящее вдохновение и ведет за собой к свету. Такие слова можно сказать нашему талантливому и мудрому наставнику Зифе Асанбаевне.**



В день юбилея хотелось бы выразить слова огромной благодарности верному и доброму наставнику наших студентов, замечательному и чудесному человеку, отличному специалисту и педагогу Зифе Аскаровой.

Жизнь Зифы Аскаровой является ярким примером беззаветного служения науке и воспитанию высококвалифицированных научных кадров.

Аскарова Зифа Асанбаевна – кандидат биологических наук, доцент кафедры биомедицины и биофизики КазНУ им. аль-Фараби, родилась 16 мая 1949 года. С момента зачисления в ряды студентов ее жизнь неразрывно связана с нашим университетом.

Доцент Аскарова активно участвовала в перестройке высшего образования в Казахстане, во внедрении новых форм обучения для повышения эффективности учебно-методической и воспитательной работы, в разработке Типовых программ по специальностям «Биология» и «Медико-биологическое дело», в составлении учебно-методической документации всех общих и специальных курсов. Она издала ряд учебно-методических пособий на русском и на казахском языках. На высоком научно-методическом уровне на казахском и русском языках читает общие и специальные курсы для студентов бакалавриата и слушателей магистратуры.

Зифа Аскарова неоднократно проходила стажировки в МГУ им.М.В.Ломоносова и участвовала в работе международных конференций, проводимых в России. Более 10 лет входила в состав жюри школьных олимпиад по биологии, принимала участие в работе Республиканской научной конференции школьников «Экология и медицина».

Зифа Асанбаевна – многогранная личность. Она много внимания уделяет общественной работе, пропаганде культурных ценностей. Ее отличает скромность и глубокая порядочность, доброжелательное отношение к людям, умение и желание понять каждого человека, готовность помочь.

От всей души хочется сказать ей «большое спасибо» за то, что она есть, за то, что вкладывает в наших студентов немало знаний и стараний, за то, что никогда не жалет своих сил, эмоций, времени и заботы. И пожелать долгих лет, неиссякаемого энтузиазма и оптимизма, светлого счастья в жизни и добрых чудес на пути.

**Г. СРАИЛОВА,**
*доцент кафедры биофизики и биомедицины факультета биологии и биотехнологии*

# ЖАСТАРДЫҢ ЖҰМАҒЫ...

**ҚазҰУ қалашығының бүгінгі көз тартар көркі санаңды жаулайды, көңілді көтерер күй сыйлайды, өмірге деген сүйіспеншілігіңді арттырады, өнбойыңды әлдебір күй билеп, музаның әуезді үні сиқыр әлемге ала жөнеледі. Қалашықта қыдырыстағанда әрдайым осындай күй кешемін. Осында өмір сүріп, білім алып жатқан жастарға деген қызығушылығың артып, тіпті қызғаныш сезіміне бой алдырасың. Өйткені, жастардың жұмағы, жастардың нұрмекенінде білім алу әркімнің маңдайына жазыла бермеген сәттілік.**



Жалпы студенттік жылдар деген адам ғұмырындағы ғажайып бір сәт қой... Оны нұрландыратын жастықтың алауы. Сол жастықтың алауын жалындатуларына қол ұшын созып, қажетті жағдайын жасап қою дегеннің де өзіндік маңызы бар. Күнделікті тұрмыс-тіршілік жағдайы жасалған болса, эстетикалық, рухани азықалудың мүмкіндіктері бар болса, неге білімнің тереңінен сусындап, ғылымның қиясына өрмелемеске?! Бұл ҚазҰУ қалашығы тұрғындарына сауал. Әрине, өмір өзгеріп, күн санап эволюциялық жаңғырулар болып жатқанда, ғасыр тек прогресті талап етеді. Сондықтан да, бүгінгі білімгерлерден сұралатын нәрсе көп.

Бұл күндері өз басым тек студенттік күндерді ғана емес, жалпы жастық шағымды сағынамын... Кезінде бағаламаппын, «қашан мектеп бітіремін, қашан университет бітеді екен» деген ойлармен жүріп, тепеңдеп кете беретін «есек тірлікке» асығыппыз. Кейіннен бала-шағаны қалай асыраймыз, қалай білім береміз деп желіп отырыппыз. Алла аманшылық берсе оның бәрі өз орнына келетін көрінеді... Жастарға айтайын дегенім, әр ғұмыр кезенін өз сәтінде бағалап, соған лайықты өмір сүру қажет екен... Ендігі жерде әдемі қартайып, өз немере-шөберең емес, ұлттың ұрпағына өнеге қалдыра алатындай тірлік жасасақ екен деген бір көкірекке ойлар қонақтаған...

Қолым сәл қалт етсе ҚазҰУ қалашығына қарай көңілім ауып тұратыны бар. Міне, саф ауасын сіміре жұтып тағы да аралап келемін. Әне, қарт Алатаудың ақ тақиялы басына сәулесін төгіп, күн көтеріліп келе жатыр. Алқызыл жалқын көзжетер көкжиекке тарап, нұрын шашып, нұрлы мекенге жарығын төге бастаған. Қаз қатар тізілген ақ балтырлы аққайыңдар, қысы-жазы өңін өзгертпей, жастықтың символы сияқтанатын шыршалар, тал-теректер, сан түрлі гүлдер, жасыл алаңқайлар, тап-таза, тұнық ауа және жастық шақтың жан-болмысы қосылып, еркше бір күй орнағандай.

Нұрлы мекенді мекендейтін болашақтың өкілдеріне артылар сенім, тапсырылар міндеттер ұлан-асыр. Өйткені, болашақтың кілті солардың қолында. Заманауи өмір тынысымен тыныстай отырып, жаһандық жаңалықтардан қалыспай елін алға апара алатын ұрпақ тәрбиелесек, міне, сонда қалашық ұстаздарының еңбегінің жанғаны деп білемі з.

**Клара ҚАБЫЛҒАЗИНА,**
*филол.ғ.к., профессор м.а.*

ҚӘСІБИ БАҒДАР

# «МӘДЕНИЕТТАНУ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

**XXI ғасыр–адамзат баласы тарихындағы ең жарқын кезең әрі ең күрделі де қиын кезең. Орын алып жатқан әр салалы оқиғалар, факторлар және іс-әрекеттер қоғамның сан түрлі өзгерістер мен жаңашылдық сипатқа итермелеуде. Мәдениет–адамзаттың өзі-өзі үшін қалыптастырған ең үлкен өмірлік саланың бірі әрі бірегейі.**

Алғаш тастан құрал жасап, үңгірді пана еткен тұстан – бүгінгі виджеттермен қозғалып, Марстағы өмірдің болуы туралы ойлар арасында дәл сол мәдениеттің рөлі мен орны маңызды. Адамды адам қылған – еңбек десек, оның түбінде сапалы, әрі мәнді өмірге деген құлшынысты шыңдайтын – мәдениет жатыр деп топшылауға әбден болар.

Ғылыми тұрғыда мәдениеттің 500-ден аса мағынасы, тіпті одан көп болса да таңқалмастығымыз анық. Тұлға, отбасы, қоғам, ұлт, мемлекет және тұтас әлем мәдениеті түрлерінің болуы – оның аса кең масштабқа ие екендігінің дәлелі. Тұлғаның тұлғалығы – өзіндік оң ойлары-істері мен білімінің дәрежесі, отбасы – белгілі бір құндылықтар мен адамгершілік қағидалары, қоғам – ортақ мәнділікке ие басты ережелер, ұлт-тарихпен біте қайнасқан менталитет пен тәрбие , мемлекет – жарқын болашаққа деген сенімге негізделген патриоттылық әрекеттер, бастысы әлемдік – ортақ адамзаттық өмір сүру дағдысы мен әркімге деген құрмет формалары бар. Аталмыш аспектілер мен факторлардың түбінде тағы да сол мәдениеттің көріністері қылаң берері анық. Яғни, адам дүниеге келгеннен бастап ол өзіндік биологиялық тіршілігін тоқтатқанға дейін, оның өмірінде мәдениет бірден-бір басты мәнге ие фактор болатыны түсінікті деп санаймын.

Мәдениетті ғылыми тұрғыдан зерттеп-зерделеп, ашығын айшықтап, ағы мен қарасын сараптайтын ғылым саласы–мәдениеттану деген атауға ие. Әлемдік, ұлттық мәдениет тарихы мен сипатын сараптап, болжалдық–аналитикалық ерекшелікке мән беру, сондай-ақ саяси тұстарын бағамдау, басқаша айтқанда мәдени саясат ережелерін қалыптастыру, философиялық мәнге ие ежелгі, орта және жаңа, бүгінгі заман ғалымдарының саналық-ойлық жақтарын бағалау, психологиялық тұрғыдан жеке тұлға мәдениетінің қалыптасу заңдылықтарын қарастыру, әлеуметтік жағынан қоғам топтарының ерекшеліктеріне сай мәдениет феноменінің ондағы рөлін анықтау, тағы бір маңызды бөлім-экономикалық тұсы. Өркениет көріністері мен табиғи, тарихи-мәдени ескерткіштер көптеген елдер экономикасының маңызды бөлшегі болғалы қашан, ол-туризм, яғни, мәдениеттің маркетингтік-менеджерлік және финанстық әлеуеті өте жоғары. Мәдениет- аса кең мемлекетішілік интеграция процестері мен ортақ идеологияға басты құрал. Бұл тек бір сыпырасы екенін айта кеткен жөн. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және саясаттану факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасы – аталмыш мамандық иелерін дайындайтын бірден-бір озық базалық жүйеге ие.

Жасырары жоқ, бүгінгі таңда әртүрлі қоғамдық, діни, мәдени-әлеуметтік және ұлт-этносаралық әртүрлі кикілжіңдер орын алып жатқандығы рас, дәл осы кезде халықты әрі мемлекетті аталмыш орынды-орынсыз теке тірестерден сақтандыру және алдын-алу мақсатында мәдениеттің орны ерек. Дәлірек айтқанда, нақ Қазақ мемлекетінің жарқын болашағы үшін бұл өте маңызды. Қазақстан – көп этносты мемлекет. Осы арада, барлығына тегіс әрі ортақ идеологияның озық формалары қажет, мәселен, ортақ Отанға деген патриоттылық тәрбиені жолға қою. Оның негізінде, қазақ ұлты доминатты, жергілікті ұлт болғандықтан тіл, мәдениет, тарих сынды мемлекет үшін маңызды салаларды дамыту. Сондай-ақ, білім жолын жақсарту мақсатында, яғни, патриоттылық тәрбиені бастаушы ретінде мектептерден бастап ортақ Отанның болашағына деген жанашырлық сезімді оятып, нығайтатын пәндер енгізу, тегін қазақ тілі курстарын енгізу, тарихи тағылым мәселелерін дамыту сынды ұсыныстар бар. Кез-келген мемлекеттің дамуы мен өркендеуі үшін – ішкі тұрақтылық маңызды. Мемлекет ішінде интеграциялық шаралар ұйымдастыру өте маңызды. Өнер саласында нақ өнер иелерін ғана халыққа шығарып мәдени идеологияны реттеу, жас ұрпақ санасына ұлттық-патриоттылық тәрбиені енгізу мәселелері жатыр.

Мәдениеттің болашағы үшін маңызды мәселелерді қарастырып, аналитикалық әрі футуристік көзқарастар мен теорияларды қарастырып, талдап, практикалық тұрғыда жүзеге асыру – мәдениеттанушының мақсаты.

Біздің мамандық пен мақсатымыз жайында ақпарат бере алдым деп бағамдаймын, дейтұрғанымен де, мәдениет феноменін түсіндіру аса күрделі, тіпті, онсыз қоғамды қоғам, адамды адам деп санау орынсыз, адамды адам еткен – еңбек десек, қоғамды қоғам, мемлекетті мемлекет еткен – мәдениет. Осындай күрделі де сол уақытта қызық мамандықтың қыр-сырын танып білу – қызық екені жасырын емес.

**Елдос ӨСЕРБАЕВ,**
*«Мәдениеттану» мамандығының 1-курс магистранты;*
**Тұрсын ҒАБИТОВ,**
*филос.ғд, дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры*

**Руководство КазНУ и делегация Академии наук Узбекистана обсудили вопросы сотрудничества в области химии**

# ЖИЗНЬ БЕЗ ГРАНИЦ

**Достичь успеха может любой человек, даже если он имеет ограничения по состоянию здоровья. Человек – существо без границ во всех отношениях, главное здесь то, ставит ли он перед собой какие-либо цели.**

Меня зовут Галымжан, я обучаюсь в магистратуре КазНУ имени аль-Фараби по специальности «Психология». Степень бакалавра получил здесь же по специальности «Социальная педагогика и самопознание». Многие люди с инвалидностью не знают, как приукрасить свою жизнь, задают множество вопросов, касающихся будущего. Я тоже, бывало, задавал себе такие вопросы, прочитав множество биографических произведений, где авторы повествуют о жизни, в которой есть все. Главное - бери.

Моя социальная жизнь началась в стенах специализированной школы-интерната №4 для слепых и слабовидящих детей имени Н. Островского в Алматы. Там я приобрел большой багаж знаний и опыт тифложизни – приспособления к окружающей среде при плохом зрении. Школа дала хорошую базовую подготовку, которая очень пригодилась мне в дальнейшем.



В 2014 году я поступил в КазНУ - лучший вуз Казахстана. В процессе обучения познакомился с талантливыми педагогами, подружился со студенческим коллективом, в котором были только девушки. Отношения с первых дней были невероятными, и о такой поддержке и заботе мечтал бы каждый.

Отдельно хочу рассказать о преподавателе, поверившем в меня и мои возможности. Зухра Маратовна Садвакасова - кандидат педагогических наук, доцент кафедры общей и прикладной психологии, помогает мне и по сей день, она является моим научным руководителем. На третьем курсе мы открыли ОО сообщество инвалидов «Кең Пейіл», деятельность которого заключается в осуществлении консультативных работ, организации мероприятий по адаптации подрастающего поколения с ограниченными возможностями, предоставлении юридических услуг.

Зная проблемы и трудности, с которыми сталкиваются студенты с ограниченными возможностями, я выбрал исследовательскую работу по теме: «Социально-психологическая адаптация и социализация студентов с особыми потребностями здоровья в условиях вуза». На четвертом курсе участвовал в проекте «Инклюзии», где мы заняли 2 место, и международном проекте в Грузии (наставник Зухра Садвакасова). По итогам был открыт кабинет инклюзии для студентов и социальный центр для адаптации лиц с ограниченными возможностями. В данный момент я являюсь вице-президентом ОО сообщества инвалидов «Кең Пейіл», с командой мы открыли социальное Радио sector x. Сфера деятельности включает обучение детей с диагнозом ДЦП пошиву одежды.

Незрячие студенты, обучающиеся иностранному языку в вузах, открыли в центре курсы английского языка для детей с ограниченными возможностями. И все это, считаю, только начало. Мир без границ! Нельзя сидеть, сложа руки. Путевка, полученная в КазНУ, окрылила меня и придала новый импульс к творчеству.

Кто скажет, что, имея проблему со зрением, нельзя заниматься спортом? У меня очень насыщенная в этом плане жизнь. Я – участник проекта «Доступный город» акимата города Алматы, а также член команды «Спорт без границ» по велопробегу, клуба «Кайрат» по направлению блайнд футбол для незрячих ребят, занимаюсь кроссфитом. Если честно, нет никаких секретов как все это у меня получилось. Думаю, главное не ставить ограничения в своей жизни, поскольку мир не имеет границ ни в спорте, ни досуге, ни в творчестве. Я благодарен стране за инклюзивное образование!

**Галымжан БАРИБАЕВ,**
*магистрант,*
*кафедра общей прикладной психологии*
*ФФиП*

# Күй өнері-халық қазынасы

**Күй өнері — шексіз өнер. Күйдің өз тыңдаушысы, оны жанымен ұғып бағалайтын өнер сүйер қауымы баршылық және олардың көкжиегі кеңейе түсуде.**

Күй біздің–мәдинетіміз бен тарихымыз. Сондықтан да қазіргі заманда жастардың бойына осы рухани байлығымызды жеткізе білу күйшілердің парызы бола бермек. Ол біздің ана тілімізбен қатар ұлттық мәдениетімізді сақтай білуіміз.

Қазақтың күйшілік дәстүрінде аттары аңызға айналған біртуар ірі дарындардың есімдері тарих беттерінде алтын әріптермен жазылып қала бермек.

Жалпы қазіргі кезде қарапайым тыңдармандар: «Күй өнерін аса қатты түсіне бермейді, домбыра не дейді, не айтқысы келеді» дейді ішінен. Әрине бұл өнер көрініп тұрғандай сурет емес, ән де емес, сөзі бар жыр да емес. Қазіргі кезде күй өнерін теледидар, радиолардан да аз беріледі, сондықтан да тыңдармандар мен көрермендерді бұл өнерден алыстатып жібергені де сезіледі. Себебі қазіргі кезеңді эстрада әндерінің шарықтау кезеңі десек те болады.

Менің бүгінгі айтайын деп отырған мәселем - «Күй өнері дегеніміз не? Күй адамға не бере алады? Күй өнерінің мәні, күйшінің ішкі табиғаты» – деген сұрақтар.

Күй өнері–тарихтың өткені мен бүгінгісі. Күй өнері салт-дәстүр мен қоғамдық өмірді реттеп отырады десек те болады. Атақты жырау Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Алмас Алматов айтқандай: «Сөз айта алмайтын заман болғанда, айтатын ойдың бәрі барып аспаптың көмейіне тығылады» – деген. Мінекей күй- халықтың тұрмысы, тарихын, тағдырын жеткізе білу. Мына қазіргі кезеңде жақсы мен жаманды ажырата алмай қалған заманда, жастарымызды ұлтжандылыққа тәрбиелеп, махаббатқа толы жырларымызды тыңдатсақ, қазақтың тарихын айғақтайтын күйлерін тыңдатуымыз керек. Сол кезде ұлт ретінде мәңгі сақталып қала береміз.

Қазіргі кезде жер бетінде өз тәуелсіздігін ала алмай жүрген қаншама ұлт бар. Ал біз болсақ өз егемендігімізді алдық, тіліміз мемлекеттік тіл болды, шекарамыз сызылды, Астанамыз Сарыарқа төрінен ойып тұрып орын алды. Сондықтан да ұлттық өнеріміздің мәртебесін түсіріп алмайық.

Қазақ халқы күй өнерін ерекше кие тұтып, күйшісін айрықша қастерлеген. Жалпы күй өнерінің дамуы 18-20 ғасырлар десек те болады. Осы күй жайлы көп еңбек жазған Ақселеу Сейдімбек ағамыз екені баршамызға мәлім. «Күй-шежіресі», «Қазақтың күй өнері» және т.б еңбектерін атап өтсек болады.Бұл кітаптардың құндылақтарын атап жеткізуге сөз жетпейді.

Халық даналығында «тік күй», «қоңыр күй», «бойлаулық күй» деген атауларды күйшілік мектептерде көп қолданбайды; «қоңыр күй», «тік күй» және «бойлауық күй» атаулары әрбір жеке күйдің саз сарынын анықтайды, мәселен, қоңыр күйлер философиялық ойға құрылып, көбінесе өмірдің мән-мағынасын зердеге ұялатады.

Соңғы деректер бойынша ғалым-зерттеушілерге қазақ халқының бес-алты мыңдай күйі белгілі. Бұл, әрине, бес-алты мыңдай күйімен қосарлана айтылатын аңыз-әңгімесі де соншама. Сондықтан да күй мен күй аңызын бір-бірінен бөлмей қарау қажет.

Қазақтың ұлы ақыны Абай: "Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй", деп жырлағандай, қазақтардың сан буыны Құрманғазы, Дәулеткерей, Байжігіт, Тәттімбет, Қазанғап, Сүгір, Тоқа, Абыл сияқты халқымыздың асыл өнерін ұстаған ұлы күйшілердің мол мұрасымен сусындап өсті.

Күй – көне замандардан күні бүгінге дейін халқымызбен бірге жасасып келе жатқан ең киелі де қастерлі, сырлы да сұлу өнер. Ұлт мәдениетінің арғы-бергі тарихын зерттеп, жүйелеп, бүгінгі жас ұрпақтың кәдесіне



жарату және оны әлемдік деңгейде насихаттау мақсатында жасалған "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы аясында көптеген жобалар іске асырылды. Осыған бір мысал ретінде 2010 жылы Астанадағы Президенттік мәдениет орталығында "Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі" атты антологиясының тұсаукесері өткен болатын. Анатологияға халқымыздың асыл мұрасы енген. Әрине бұл тек бір ғана мысал. Біздің құдіретті де, қасиетті өнеріміз жылдан жылға дамуда. Осы күйімізді Е.Брусиловский опералық шығармаларға тиімді пайдалана білді. Мұның өзі қазақтың ән мен күйін қажетіне жарата алсаң, қандай шығармамен де ұштасып кететінін, ажарын ашып, айбынын асыратынын аңғаруға болады. Өнердің шыңы опера дейміз. Сол операңызға, нақтылай түссек Е. Брусиловскийдің "Қыз Жібек" операсына 24-26 ән-күй пайдаланылса, Мұқан Төлебаев "Біржан Сара" операсына Соқыр Есжанның иірімдері әдемі қол-даныла білінді. Ал мен "Қамар сұлу" операма "Дайрабайды" қолданғанымда ол жаңа заманға қарай ажарын ашып, жұрттың назарын бірден аударды. Тіпті, бірте-бірте әлемдік деңгейге көтеріліп, өзге ұлттардың аспабында да күмбірлеп, көңілдің көкжиегін кеңейтті. Қазірде көп жастарымыз шет ел асып, дәстүрлі өнерімізді насихаттауда. Мысалға айтатын болсақ, «Ұлытау» этно-рок тобы, «Тұран» этно фольклорлық ансамблі және де осы өнер жолында жүрген консерватория, өнер университеті секілді оқу орындарының студенттері дәстүрлі өнерімізді паш етуде.

Қазақтың күйі қуанышта да, қайғыда да қазақпен бірге жасап, бостандық сүйгіш ұлық өнер бостан заманымызға халқымызбен бірге қадам басты. Өнер атаулының ішінде күйдің мерейі жоғары, күйдің рухы биік. Күй дербес мемлекет құрып мерейленген халқымыздың рухын мәңгілікке толғай бермек. Себебі, күй – біздің ең ардақты, ең әлеуетті, ең сәулетті ұлттық құндылығымыз, ұлттық кодымыз, ұлттық мәдениетіміздің төресі. Ендеше, жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениеттің де көш басында жауһар күйлеріміз тұрары сөзсіз!

**С. ЖАНБОБЕКОВ,**
*Мәдениеттану мамандығының 1-курс студенті;*
**А. ҚҰЛСАРИЕВА,**
*филос.ғ.д., профессор*

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Х жазғы мерейтойлық Универсиада – 2019 чемпионы атанды

# ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР ЖАСАҒЫ

**ҚазҰУ-да 1963-жылдан бері Студенттік құрылыс жасағы жұмыс жасауда. Биылғы еңбек маусымында 150 студент жасақ құрамында жұмыс атқаруда. Бұл Студенттік құрылыс жасағы тек ақша табудың көзі ғана емес, жастардың рухын көтеріп, еңбекқорлыққа тәрбиелейтін үлкен мектеп екендігін айта аламыз.**



Еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол-әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу», – дегеніндей еліміздің болашағы саналы жастар екендігін Студенттік құрылыс жасағы негізге ала отырып, жастардың рухани дамуына өз үлесін қосуда. Аталмыш оқу орнының барлық факультеттерінен жұмысқа оқуда үздік, белсенді және әлеуметтік жағдайы төмен студенттер қабылданады. Жұмыс 1 маусым мен 20 тамыз аралығын қамтиды.

Студенттік құрылыс жасағына қабылданған студенттер ҚазҰУ–дағы барлық жатаханалар мен оқу ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізуге көмек көрсетеді. Жұмысқа қабылданған студенттер екі мезгіл тегін тамақпен, арнайы киім формасымен қамтамасыз етіліп, жатақханада тегін тұру мүмкіндігіне ие болады. Студенттерге арнайы жалақы да қамтамасыз етілген. Мұндай жағдай жасалған студенттер өз жұмыстарын белсенді түрде атқаратындығын мақтанышпен айта аламыз. Жаз мезгілінде тек жұмыс жасап қана қоймай түрлі іс-шаралар да өткізіліп тұрады. Мәселен спорттық ойындар, сайыстар т.б. Жаңа адамдармен араласып, қарқынды жұмыс жасауда уақытымыздың қалай тез өткенін де байқамай қаламыз.

Студенттер құрылыс жасағының дамуына қолдау көрсетіп келе жатқан университетіміздің ректоры Ғалым Мұтановқа шексіз алғысымызды білдіреміз. Сонымен қатар өз қолдауын білдіргені үшін Қазақ ұлттық университеті қалашығының директоры Әбдіқаһар Әнуарұлына рахметімізді айтамыз.

Студенттерге бағыт-бағдар беруші басшыларымыз Нұрболат Көлбаев ағамыз бен Бақдаулет Құдайқұл ағамызға рақметімізді айтып, істеріңіз өрлей беруіне тілектеспіз.

Жалпы СҚЖ студенттердің сабақ уақыттарынан тыс демалыстарын тиімді өткізудің бірден-бір кепілі екендігін нық сеніммен айта аламын. Мұнда сіздер керемет те көңілді орта табасыздар.

СҚЖ студенттері – еліміздің болашағы, нағыз ұлтжанды, қайталанбас дара тұлғалар. Ендеше барша студенттерді жалындаған жастық шағымызды босқа өткізбей Студенттік құрылыс жасағы құрамында жұмыс жасауға шақырамыз!!!

**Аида ДӘРІБАЕВА,**
**Ақмарал ӘБУБӘКІР,**
*филология және әлем тілдері факультетінің студенттері*

ЛЕБІЗ

# «ҚазҰУ-да жүргеннің өзі бір – РОМАНТИКА»

**Мен қазір Алматы қаласындағы Қазақстанның білімі мен ғылымының қара шаңырағы, сексен бес жылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 4-курс студентімін. Осы университетте оқып жатқанымды өзгелерге мақтан етемін. Мұнда тек Қазақстан Республикасының азаматтары ғана емес, алыс-жақын шет елде тұрып жатқан қандастарымыз, шет ел азаматтары да білім алуда. Бұл да болса университеттің халықаралық беделінің жоғары екенінің дәлелі.**

Бұрын ҚазҰУ туралы теледидардан көріп, ақпарат құралдарынан естігенім болмаса, университетке барып көрген жоқ едім. Тек оқуымды бітіріп, ҰБТ-ны ойдағыдай тапсырып, қолыма сертификатымды алып, Алматыға келгенде екі ойда болғаным рас. Анам екеуміз бірінші болып ҚазҰУ қалашығына жол тарттық. Университет туралы ең бірінші әсерімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес.

Менің атам мен әжем де осы университеттің түлектері. Атамның айтуымен университетке деген қызығушылығымның арта түскенін жасырмаймын. Университет қалашығының ішіне кірген сайын көз жетпейтін, үлкен аумақты жерді алып жатқан абаттандырылған территорияны көріп, табиғатының сұлулығына, әсем ғимараттарына қарап, «ҚазҰУ-да жүргеннің өзі бір – романтика» деп айтатын осы университетті бітірген аға-әпкелерімнің сөзі есіме түсіп, оның шындығының куәсі болдым. Сол күні-ақ өз шешімімді өзгертпей осы университетке тоқталатынымды анама айттым. Ол кісі де бірден келісімін берді. Сөйтіп ғылыми, мәдени, әдеби, рухани жағынан алдыңғы орында көш бастап тұрған университетке оқуға қабылдандым.

Жаңа оқу жылы басталғаннан түрлі қоғамдық жұмыстарға қатыса бастадым. Мұнда сабақ оқуға, спортпен шұғылдануға, интернет желілерінде отырып жұмыс істеуге, шығармашылық жұмыспен айналысуға барлық жағдай жасалған. Студент өз мүмкіншілігіне қарай сабақтан бос уақыттарда ән-би, көркем сөз оқу, т.б. көптеген спорттық үйірмелерге қатыса алады.

Қазір мен студент жастарды біріктіретін университетте өзіндік орны бар «Студенттік кеңесте» қызмет атқарамын. Ұйым барлық мүмкіндіктерді есептеп арнайы жасалынған жоспар бойынша жұмыс істейді. Мен де өз тарапымнан берілген тапсырмаларды мұқият орындап, «Студенттік кеңестің» талаптарына сай еңбек етудемін.

Мен оқыған «Қазақ филологиясы және әлем тілдері» факультетінде көптеген ақын-жазушылармен, әнші-сазгерлермен жиі кездесу ұйымдастырылып тұрады. Ең алғаш «Әпке» пьесасымен Қазақстанға танымал болған, қала берді алыс-жақын шетелдерді өзінің шығармаларымен тамсандырып жүрген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Дулат Исабеков атамызбен болған кештен ерекше әсер алдым.

Қазақстанның Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов атамыздың қатысуымен ұйымдастырылған кездесу кеші де тағылымы мол, ғибратты сөздерге толы болды. Атамыз шығармашылық жолдың оңай еместігін, ол үшін терең білім мен ерінбей еңбек ету керектігін айтты. Ал бізге болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болу үшін сол салада білікті маман болып шығудың қыр-сырларына тоқталып кетті. Кеш әңгіме-сұхбат түрінде өтіп, қойған сұрақтарымызға да бар ықыласымен тыңдап, жауап берді.

Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында сазгер, қазақтың тұңғыш бард ақыны Табылды Досымовты еске алу кеші болып өтті. Оған Қазақстанның өнер жұлдыздары да қатысты. Ақын ағамыздың лирикалық иірімге толы әндері мен өлеңдерін тыңдап, талантты дарын иесінің жаңа қырларын таныдым.

Университет көлемінде болып жататын «Бірінші курс таланттары», «Алтын күз», «Ана тілі аруы», «Түркі әлемі», «Екі жұлдыз» және т.б. көптеген іс-шараларға үнемі қатысамын. «Қарттар мерекесі» қарсаңында «Қарттар үйіне» барып оларға көмектесеміз.

Келешекте білікті маман атанып, ғылыммен айналысамын деген ойым бар. Маған терең білім мен сапалы тәрбие берген Қызылорда қаласындағы №12 Ілияс Қабылов атындағы мектептегі ұстаздарыма шексіз ризашылығымды білдіремін.

Биыл әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне-85 жыл. Мамыр айында университеттің тарих факультетін осыдан 50 жыл бұрын тәмамдаған біраз ата-апаларымыз Алматыда бас қосты. Олардың ішінде менің атам профессор Қазбай Құдайбергенов те болды. Атам – мен бірге оқып, тұрмыс құрған әжем Жақсыбике өмірден озып кеткен. Әрине өкінішті! Менің университетпен қоштасатын уақытым жақындаған сайын, оған деген сағынышым, ұстаздарыма деген сүйіспеншілігім арта түскендей. Қайда жүрсем де университетімді, ұстаздарымды ұмытпаймын. Биылғы мектеп бітірушілерді университетке оқуға келуге шақырып, жалынды жастық шақтарының әрбір сағаты қызықты өтеріне бек сенімдімін.

**Парасат ҚАЗБАЙ,**
*«Қазақ филологиясы және әлем тілдері» факультетінің 4-курс студенті*




ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІГІТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

**Бағасы келісім бойынша.**
**Таралымы 1000 дана**
**Тапсырыс: №924**

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.